



**Ө.А.ЖОЛДАСБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ
АКАДЕМИЯСЫ АЛТАЙ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**АКАДЕМИЯ ЭКОНОМИКИ И ПРАВА ИМЕНИ
У.А. ДЖОЛДАСБЕКОВА
АЛТАЙСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ**

**ACADEMY OF ECONOMICS AND LAW NAMED AFTER
U.A. DZHOLDASBEKOV ALTAI STATE UNIVERSITY**

**«ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҒЫЛЫМ ДАМУЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ»
АТТЫ І ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ
22 желтоқсан 2015 ж.**

**МАТЕРИАЛЫ І МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ НАУКИ В
СОВРЕМЕННОМ МИРЕ»
22 декабря 2015 г.**

**THE MATERIALS OF THE FIRST INTERNATIONAL
SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
“ THE PROSPECTS OF DEVELOPMENT OF SCIENCE
IN THE MODERN WORLD”
22-d of December in 2015 year**

Талдықорған, 2016

ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ – БОЛАШАҚТЫҢ БАСТАУЫ ЖӘНЕ КЕПІЛІ

Д.С.Байгунаков – Ө.А.Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясының ректоры

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Бүгін біз үлкен бір алқалы жиынға келіп отырмыз. Осы жерде «Келген қадамдарыңыз – құтты болсын!» деуге де болады. Себебі мұндай жиындарда қордаланған мәселе ортаға тасталып, түрлі пікірлер алмасу барысында ғылым түйіткілінде жатқан сауалдар қозғалады да, ортақ тұжырымдар мен пайымдардың туындайтынды. Бұл бәсенеден белгілі жайт.

Кез келген мемлекет кемелденуі үшін ең алдымен ғылымды дамытуға мүдделі. Мәселен, өткен ғасырдың орта тұсында Сингапур ел дамуының негізгі бағыттарының бірі де бірегейі деп ғылымды дамытуды қолға алған болатын. Қазіргі таңда бұл мемлекет өркениетті елдердің қатарына тұрғанын білеміз. Мұндай мүмкіндіктер біздің елде де біршама орын алып отыр. Олар болашақтың бастауы және кепілі екендігін біз жақсы түсінеміз. Кешегі күні ғалымдарымыз айналысқан «Мәдени мұра» Ұлттық Стратегиялық жоспары, «Ұлттық идея» және бүгінгі күні айналысып жатқан «Тарих толқынындағы халық», т.б. іргелі бағдарламалар осының айғағы. Белгілі бір кезеңдерде ғылымды дамытуда олар өз міндетін атқарды және атқарып та жатыр. Осындай іргелі бағдарламалар жүргізіп жатқан мемлекет одан ары ғылымды дамыта беруі тиіс. Бұл бағытта атқарылар іс әлі де мол екендігін білеміз.

Қазіргі таңда әлемде ғылымды қолдау кеңінен жүріп жатыр. Жеке меншік секторы да ғылымға иек артып, оның дамуына мүдделі болып жатыр. Бірқатар өнертапқыштардың ізденістері қаржыланып, тұрмыстық технологияға енуде. Өткенде ғана ЮНЕСКО тарапынан «Ғылым бойынша баяндама: 2030 жыл жолында» атты зерттеуі жарияланды. Онда ғылымға бөлініп жатқан қаржы көлемі, жеке меншіктің ғылымға бөлген қаржысының артуы, ғылымның жалпылығы, ғылым мен білімнің жаһандануы сынды мәселелер орын алды. Мұндай құжат бес жылда бір жарияланып тұрады. Онда ғылымдағы ұзақ мерзімді тенденциялар, қысқа мерзімді өзгерістер, ғылым дамуының басты бағыттары талданады. Әлемнің әр еліндегі мамандар түзген қорытынды есептер бойынша байқалатын нәрсе: өркениетті қоғам технологиялық эволюцияны таңдап алған, өйткені ғылымға деген инвестиция әлемдік қаржылық дағдарысқа қарамай жыл сайын артып келеді. 2007-2013 жылдары әлем бойынша ғылымға бөлінген қаржы 30,7 пайызды құраған, әсіресе Оңтүстік-Шығыс Азия елдері, Бразилия, Үндістан, Түркия тарапынан бөлінген қаржы көлемі артқан. Дегенмен ғылымға бөлінген қаржының үштен бірін АҚШ, бестен бір бөлігін Қытай мен Еуропалық Одақ, оннан бір бөлігін Жапония бөліп отыр. Іргеміздегі РФ 2013 жылы ғылымға 40,7 млрд. доллар бөлген. Ол РФ ЖІӨ-ң 1,13 пайызы, ал көрші ел әлем бойынша қаражат бөлген мемлекеттердің арасында 25-ші орынды иеленеді. Ал Израиль мемлекеті болса ЖІӨ-ң 4,21 пайызын ғылымға бөледі екен. ГФР, АҚШ, Бразилия, Түркия тарапынан да ғылымға бөлінетін ЖІӨ көлемі ұлғайған. Тіпті Африкадағы Кения мемлекеті 2010 жылғы ЖІӨ-нен ғылымға бөлетін қаржы көлемін екі есеге дейін ұлғайтқан екен. Әрине, мұндай әлемдік көштен Қазақстан Республ-касы да кейін қалып қалмауы тиіс. Біздің елімізде де қаражаттар

бөлінуде. Министрліктер тарапынан ғылымды коммерциялау қолға алынуда, ірі қалаларда мемлекеттік технопарктер ашылған, іргелі университеттерде технопарктер ашылып, жұмыс істей бастады.

Әлем бойынша 2013 жылы 7,8 млн. ғалым еңбек еткен. Әлбетте, әлемдік қаржылық дағдарыс ғылымның барлық саласын шарпып отырғандығы да белгілі. Алайда отандық ғалымдар да өдерінің зияткерлік өнімдерін қалың жұртшылыққа кеңінен ұсынуда. Іргелі монографиялары, импакт-факторлы мақалаларын жариялауда.

Біз үшін ғылымның стратегиялық маңызы жоғары. Сол себепті бұл бағытта ізденістер өлі де жалғаса берері анық.

Біздің Ө.А.Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясы да келешекте ғылымның өсіп-өркендеуіне, қарқынды дамуына мүдделі.

Қымбатты әріптестер, қонақтар, магистранттар мен студенттер бүгінгі мереке құтты болсын, қаламдарыңыз ашық болсын, қалам-дарыңыз ешқашан мұқалмасын! Конференция жұмысына сәттілік тілеймін!